

“Астана медицина университеті” АҚ  
№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

Студенттің өз бетінше атқаратын жұмысы

Тақырыбы: **Қоғамдық денсаулықпен байланысты  
медициналық этикалық мәселелер**

Орындаған: Тұрғынова Ж.О.

Топ: 505 ҚДС

Тексерген:

Астана 2016

# Жоспар

## I. Кіріспе

## II. Негізгі бөлім

1. Жалпы қағидалары
2. Медицина қызметкері және қоғам
3. Медицина қызметкері және пациент
4. Медицина қызметкерлерінің алқаластығы
5. Дәрігерлік құпия
6. Этикалық кодекс күшінің шегі, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзу жағдайындағы жауапкершілік.

## III. Қорытынды

## IV. Пайдаланылған әдебиеттер

# Кіріспе

Қазіргі заманда медбикенің медициналық көмек көрсетудегі маңызды рөлін назарға ала отырып, әрі медицина мен, денсаулық сақтау жүйесіндегі этикалық бастаманың үлкен мәнін дәстүрлі түрде есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК медбикелердің Халықаралық кеңесінің және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының медициналық этика жөніндегі құжаттарын басшылыққа алып, осы Кодексті қабылдайды.

**Медициналық этика бұл науқастар және олардың туысқандары арасындағы, сондай-ақ медицина қызметкерелері арасындағы кең көлемді жағдайларды орынды қолдану.**



- **Дәрігер-серіктес (партнер).**
- **Бұл дәрігерлік қарым-қатынастың белсенді немесе одақтас түрі, емдеу процесіне науқастың белсенді түрде қатынасуын мүмкін етіп, оның ем таңдауда дербестігін және жауапкершілігін дамытады. Бұл ынтымақтастық қатынас, ауруға қарсы күрес жүргізген науқастарда нәтижелі болады. Дәрігердің іс-әрекеті пікірлесуге, соңғы шешімді өзі қабылдауға даярлыққа бағытталған. Басталқы кезде дәрігер, қатынас құруға оның басқару түрін қолданып, кейін о ріктес қатынасқа көшуі мүмкін.**
- **Дәрігердің өзара қарым-қатынасының деонтологиясы, ұжым өмірінде маңызды мәнге ие болып, тұрғындар арасындағы емдеу мекемесінің бетке ұстары мен беделін анықтайды.**

# Дәрігердің этика және деонтологиясының негізгі қағидалары:

1. Әділдік
2. Адалдық
3. Рақымдылық
4. Қайырымдылық
5. Қамқорлық
6. Адамгершілік
7. Қайғысына ортақтасу
8. Еңбекқор
9. Кішіпейілділік

- **Дәрігердің адалдығы өз мамандығының айналасын ғана қамтитын болса, біржақты болып қалатын еді. Кең мағынадағы турашылық - адалдықтың серігі болып табылады.**
- **Дәрігердің жанкештілігі ауыр халдегі науқастың төсегінің жанында болуымен, тәулік мерзімі мен ауа-райына қарамай науқастарға көмек көрсетуге аттанумен, өзінің өміріне зияндылық әкелуіне, жағдайдың болмауына қарамастан күрделі тәуекелді операциялық араласуларды жүргізу секілді бағырлық әрекеттермен көрінеді. Жанкештілік бағырлықты көрсетемін деген оймен емес, науқасты құтқару барысында шешім қабылдау, ауру қоздырғыштарын зерттеу, жаңа дәрілік заттардың әсерін анықтау, жедел және қиыпті кәсіби қызметтер кезінде жасалынады.**





- **Дәрігердің сөзі - өте керемет емдеуші** болып табылады, ал егер оны дұрыс қолданбаса, науқасқа өте қатты әсер беріп, тіпті өлімге әкелетін зияндықты тудырады. Атақты орыс психоневрологы, нейрофизиологы В.М.Бехтеровтың айтуы бойынша «Дәрігердің сөзінен кейін науқастың жағдайы жеңілдемесе - бұл дәрігер емес». Әйгілі клиницистың айтқаны дұрыс па деген сұрақ туады? Тәжіри-беге сүйенсек, В.М.Бехтеревтың қойған өткір сұрағы шындықты көрсететіні сөзсіз.
- **Адамға деген сүйіспеншілік.** Бұл дәрігердің және басқа медицина қызметкерлерінің ең басты қасиеті. Оның негізінде дәрігердің сезімталдығы, жанашырлығы, әрқашанда жәрдем беріп, ауру адамның қиналысын бәсеңдетуге даярлығы жатады. Дәрігердің адамсүйгіш қасиеті, өзінің жоғары білімін пайдаланып, барлық мүмкіншіліктерін, күшін және құралдарын қолдану арқылы, жанын аямай, ауруларға жәрдем беруге әрекет жасауы.





**Медициналық  
этиканың  
негізгі  
қағидалары:**

**пациентке  
оның  
денсаулығы  
туралы  
ақпарат беру;**

- **пациентке деген гумандық қатынас, оның заңды құқығын сыйлау;**
- **пациенттің адамгершілік қасиеттерін сыйлау;**
- **пациентті кәсіби біліксіз емдеуден қорғау;**
- **өз мамандығын құрметтеу;**

**ең бірінші  
қағида – зиян  
келтірме;**

- **пациенттің медициналық көмекке келісуге келіспеуге құқығы бар;**
- **пациенттің сапалы әрі дер кезіндегі көмекке құқығы бар (дистрибутивті әділдік);**
- **әріптестерін құрметтеу, сыйлау;**

**өлім халінде  
жатқан  
науқасты  
сыйлау;**

- **кәсіби құпияны сақтау міндеті;**
- **кәсіби біліктілік;**
- **бұқаралық медициналық – санитарлық ағарту істеріне ат салысу.**



## Мәдени айырмашылықтары бар пациенттерді емдеу



- **Басқа этникалық топтың өкіліне практикалық медициналық көмек көрсеткен кезде когнитивтік, әсіресе мінез – құлықтық таптаурындардан қашық болу заңды болып көрінеді.**
- **Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, бұл оңай мәселе емес. Осыған байланысты Н. Пезешкиан ұсынған позитивті ұстаным тиімді шешім болып саналады, ол бар айырмашылықтарды жасырмай, оларды өз мәдениетіне альтернатива деп қарастыруды ұсынады. Ұстанымның «позитивті» деп аталуы тікелей мәдениет аралық ойлаумен байланысты.**

## Медициналық этиканың жеке қағида мәні



- 1. Пациентке оның денсаулығы туралы ақпарат беру.
- Пациентке денсаулығы және қандай құқықтары бар екенді туралы ақпарат беру дәрігердің адамгершілік парызы болып табылады. Әр азамат өзіне түсінікті формада денсаулығының жағдайы, зерттеу нәтижелері, қандай ауруы бар екендігі, оның диагнозы мен болжамы, емдеу әдістері, оған байланысты қатер, дәрігерлік емдеудің нұсқалары, олардың нәтижелері мен жасалған емнің қортындысы туралы ақпарат алуға құқығы бар. Денсаулығы туралы ақпаратты азаматқа еркінен тыс беруге болмайды.

## Кәсіби құпияны сақтау (конфиденциальность).

- Кәсіби міндеттерін орындау барысында белгілі болған ақпараттарды дәрігер үшінші адамдардан құпия сақтауы қажет: медициналық көмек сұрап келгені; пациенттің денсаулығы, диагнозы, емі, болжамы, пациент өліп кетсе де оның жеке басы туралы мәліметті. Денесінің кемшіліктері, зиянды әдеттері, дүние – мүлкі, таныстары туралы мәліметті жариялауға. Кәсіби құпияны сақтаудағы мақсат – пациентке рухани және материалдық зиян келтірудің алдын – алу. Дәрігер пациент туралы конфиденциалды информацияны, қандай түрде сақталса да, сақтауға бағытталған қызметін бұлжытпай орындау керек.
- Дәрігер пациент туралы құпия ақпаратты үшінші адамға тек науқастың келісімімен ғана айта алады. Ақпаратты пациентке көмектесетін мамандар мен медициналық қызметкерлерге беру үшін де науқастың келісімі керек.



# Жалпы қағидалар

Медицина қызметкерінің Этикалық кодексі (одан әрі - Кодекс) олардың лауазымдық міндеттемелерін жүзеге асыру барысындағы этикалық нормалар мен өзін ұстау тәртібі ұстанымдарының жиынтығы болып табылады.

Кодекс қағидалары «АМТГ»-«ПТА»АҚ филиалының барлық қызметкерлеріне міндетті болып табылады.

## **Медицина қызметкері мен қоғам**

3. Медицина қызметкерінің ең басты мақсаты – адам өмірін сақтау, аурулардың алдын алу және денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ емделмейтін ауруға шалдыққандар азабын жеңілдету. Медицина қызметкері өз міндеттерін Гиппократ анты, гуманизм және қайырымдылық ұстанымдарына сәйкес орындайды.
4. Медицина қызметкері өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілігін мойнына алады, сол үшін ол жүйелі түрде кәсіби шыңдалып отыруға міндетті.
5. Өз қызметінде медицина қызметкері өзіне таныс және пайдалануға рұқсат етілген медицина ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалануға міндетті
6. Медицина қызметкерінің кәсіби шешіміне жеке басының пайдасы мен материалдық мүдделер әсер етпеуі тиіс.

7. Медицина қызметкері даярлаушы-фирмалар мен дәрі-дәрмек таратушылар ұсынған дәрілерді тағайындағаны үшін олардан сыйлық алуына болмайды.

8. Медицина қызметкері дәрі тағайындау барысында тек қана науқастың мүддесі мен медициналық көрсетілімдерді ескеруі тиіс.

9. Медицина қызметкері жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына, саяси көзқарасына және басқа да медициналық емес факторларға сонымен қоса материалдық жағдайына қарамастан медициналық көмекті қажет еткен кез келген адамға көмектесуге міндетті.

10. Медицина қызметкері өзі жұмыс істейтін мекемеге байланысты өз жауапкершілігіне алған барлық міндеттемелерді адал орындауға міндетті.

11. Жас мамандар мен студенттерді оқытып жүрген медицина қызметкерлері өз міндетін орындауға көңіл бөлуі және тәртібі жағынан үлгі боларлық деңгейде болуы тиіс.

12. Медицина қызметкері қолжетімді құралдар (газет, журнал, радио, теледидар, әңгімелесу және т.б.) арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, сондай-ақ кәсіби этикалық және қоғамдық нормаларды ұстануда үлгі болуға міндетті.

13. Медицина қызметкері оның кәсіби қызметі мен пациенттерге зиян келтірмейтін, медицина қызметкерінің ар-намысын төмендетпейтін, кәсіби тәуелсіздігіне кедергі келтірмейтін басқа жұмыстармен айналысуына болады.

14. Медицина қызметкерінің жеке тәжірибемен айналысуы заңмен реттеледі.



15. Медицина қызметкері жұмысының қайырымдылық мақсаттары оның жеке қадір-қасиетін, жеткілікті деңгейде мүліктік қамтамасыз етілуін, кәсіби қызметін атқаруға жағдай жасауын заң жүзінде қорғауын талап етуге негіз бола алады.

16. Ұйымдастырылған формадағы наразылықтарға қатысу барысында медицина қызметкері өз қадағалауындағы пациенттерді қажетті медициналық көмекпен қамтамасыз ету міндеттемелерінен босатылмайды.

17. Медициналық этиканың ұстануын бақылауды медицина қызметкерінің тікелей жетекшісі жүзеге асырады.

# Медицина қызметкері және пациент

Медицина қызметкері пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасына жауапты. Өз жұмысында ол Қазақстан Республикасы заңдарын, іс жүзіндегі нормативтік құжаттарды (медициналық стандарттарды) басшылыққа алады, бірақ бұл ұйғарымдар аясында, аурудың ерекшелітері ескеріліп, әр жағдайда науқас мүддесі басшылыққа алынып тиімдірек ем, диагностика, алдын алу әдістері таңдалады. Қажет болған жағдайда медицина қызметкері өз әріптестерінің көмегін пайдалануға міндетті.

*Медицина қызметкері пациентпен жұмыс істеуді басқа маманға тапсырып, одан бас тартуы мүмкіндігі келесі жағдайларда қарастырылған:*

- егер өз құзыреттілігіне сенімсіз болса, қажетті көмек көрсету үшін керек техникалық мүмкіндіктер болмаса;**
- бұл медициналық көмек дәрігердің адамгершілік ұстанымдарына қайшы келсе;**
- дәрігер пациентпен терапиялық қызметтестік құра алмаса.**

# Медицина қызметкерінің алқаластығы

Өмір бойы медицина қызметкері оны кәсіби шеберлікке үйреткен адамға деген құрмет пен ризашылығын сақтап өтуге міндетті.

Медицина қызметкері медициналық қауымдастықтың абыройы мен асыл дәстүрлерін сақтауға міндетті. Медицина қызметкерлері бір-біріне құрмет пен мейірімділікпен қарауға міндетті.

Медицина қызметкері көпшілік алдында басқа медицина қызметкерінің кәсіби біліктілігіне сенімсіздік білдіруге немесе немесе беделін түсіруге құқығы жоқ.

Клиникалық қиын жағдайларда тәжірибелі медицина қызметкері тәжірибесі аз әріптестеріне сыпайы түрде көмек көрсетуі тиіс. Бірақ емдеу үдерісіне толық түрде емдеуші дәрігер жауапты, ол өз әріптестерінің ұсыныстарын алуға немесе одан бас тартуға құқылы және бұнда науқастың мүддесін басшылыққа алуы тиіс.

Дәрігерлер – денсаулық сақтау мекемесінің жетекшілері өз қоластында қызмет ететін медицина қызметкерлері кәсіби біліктілігінің жоғарылап отыруын қадағалауға міндетті.

Медицина қызметкері басқа медицина қызметкерлеріне және көмекші персоналға құрметпен қарауға, олардың кәсіби біліктілігінің жоғарылауына жағдай жасауға міндетті.

## **Этикалық кодекс күшінің шегі, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзу жағдайындағы жауапкершілік.**

- Дәрігердің бірінші төрешісі – өз ары. Екіншісі – медицина қауымдастығы, олар дәрігерлер ассоциациясы ретінде өз жарғысы және басқа құжаттар негізінде тәртіп бұзушыға шара қолдануға құқылы.
- Егер этикалық нормалар тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі ережелеріне қайшы келсе, медицина қызметкері заң алдында жауапқа тартылады.
- Қызметкер өзінің тәртібі ұжымда көпшілік талқысына салынуы мүмкін екендігін санада ұстауы тиіс.

# III. Қорытынды

Медбике өз кәсібінің абыройы мен беделін сақтауы тиіс. Ұқыптылық және жеке гигиена ережелерін ұстану – медбике тұлғасының бұлжытпас қасиеті. Медбике медбикелік істің стандарттарын қолдау, енгізу және жақсартуға моральдық жауапкершілікті арқалайды. Ол өзі меңгермеген құзіреттілік дәрежесіне үміттенбеуі керек. Медбикенің құқығы мен міндеті – өзінің моральдық, экономикалық және кәсіптік тәуелсіздігін ұстануы. Медбике әрқашан науқас тарапынан берілген сыйлықтар мен жағымсыз ұсыныстардан бас тартуы керек, егер оның негізінде өзге науқастармен салыстырғанда әлдеқайда жағымды мәртебеге қол жеткізу ниеті жатса. Медбике адамдық абыройды жоймайтын, әділдік пен адамгершілік принциптеріне қайшы келмейтін және құқықтық нормаларды бұзбайтын нысанда білдірілсе ғана науқастан алғыс алуы керек.

# **IV. Пайдаланылған әдебиеттер**